

Қарыз алушыларға микрокредит келісімшартының талаптарын өзгерту жөніндегі нұсқаулық

Егер қарыз алушы жеке тұлға болып табылса, онда "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-2-бабының 2- тармағына сәйкес микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымына баруға және (немесе) жазбаша нысанда, сондай-ақ микроқаржы ұйымына қарыз алушыны "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген идентификаттау құралдарын пайдалану арқылы идентификаттауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпараттандыру объектілері арқылы не Шартта көзделген тәсілмен міндеттемені орындауды кешіктірудің туындау себептері, кірістер және оны Шарттарға өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті ұсынуға құқығы бар. Бұл ретте қарыз алушы-жеке тұлғаның Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде микроқаржы ұйымы Шартқа қарыз алушы-жеке тұлға ұсынылған талаптарын қарайды және қарыз алушы-жеке тұлғаға: 1) Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісетіні; 2) Шарттың талаптарын өзгерту бойынша өзінің ұсыныстары; 3) Шарттың талаптарын өзгертуден бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, осындай бас тарту туралы жазбаша нысанда, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы не Шартта жазылған өзге тәсілмен хабарлайды. Қарыз алушы-жеке тұлға микроқаржы ұйымының Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе Шарт талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде күнтізбелік отыз күн ішінде микроқаржы ұйымын бір мезгілде хабардар ете отырып, микроқаржы омбудсманына жүгінуге құқылы. Қарыз алушы микроқаржы ұйымының Шарт бойынша төлемдерді, оның ішінде мерзімі өткен берешекті енгізу қажеттілігі туралы талабын қанағаттандырмаған, сондай-ақ қарыз алушы-жеке тұлға Заңның 9-2-бабының 2- тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған жағдайда не қарыз алушы – жеке тұлға мен микроқаржы ұйымының арасында Шарт талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайда, микроқаржы ұйымы Заңның 9-2-бабының 5-тармағына сәйкес қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге (Шартта микроқаржы ұйымының осындай құқығы болған жағдайда), Шарт бойынша құқықты (талап етуді) Заңның 9-1-бабында көрсетілген тұлғаға беруге, Шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, сондай-ақ "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен не сот тәртібімен өндіріп алуды қолдануға құқылы. Микроқаржы ұйымы: 1) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын; 2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен қарыз алушы-жеке тұлға Заңның 9-2-бабының 1-1) тармақшасында және (немесе) 2) тармақшасында көзделген микрокредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген жағдайда, микрокредит беру туралы шарт талаптарына кемінде үш ай мерзімге ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қабылдайды. Заңның 9-2-бабының 3-тармағының екінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген қарыз алушы-жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім қарыз алушы өтініш берген айдың алдындағы екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысы қарыз алушы өтініш берген немесе атаулы әлеуметтік

көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай үшін есептелген қарыз алушының орташа айлық табысымен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда қабылданады.

Инструкция для заемщиков по изменению условий микрокредитного договора

В случае если заемщик является физическим лицом, то он вправе в течение тридцати календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательства по договору о предоставлении микрокредита (далее – Договор) посетить микрофинансовую организацию и (или) представить в письменной форме, а также через объекты информатизации, предоставляющие микрофинансовой организации возможность осуществить идентификацию заемщика посредством применения идентификационных средств, предусмотренных Законом Республики Казахстан «О платежах и платежных системах», либо способом, предусмотренным Договором, заявление, содержащее сведения о причинах возникновения просрочки исполнения обязательства по Договору, доходах и других подтвержденных обстоятельствах (фактах), которые обуславливают его заявление о внесении изменений в условия Договора, в соответствии с пунктом 2 статьи 9-2 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности» (далее – Закон). При этом в течение пятнадцати календарных дней после дня получения заявления заемщика - физического лица, предусмотренного пунктом 2 статьи 9-2 Закона, микрофинансовая организация рассматривает предложенные заемщиком - физическим лицом изменения в условия Договора и в письменной форме, а также через объекты информатизации либо способом, предусмотренным Договором, сообщает заемщику - физическому лицу о (об): 1) согласии с предложенными изменениями в условия Договора; 2) встречных предложениях по изменению условий Договора; 3) отказе в изменении условий Договора с указанием мотивированного обоснования причин такого отказа. Заемщик - физическое лицо в течение пятнадцати календарных дней с даты получения решения микрофинансовой организации об отказе в изменении условий Договора или в течение тридцати календарных дней при недостижении взаимоприемлемого решения об изменении условий Договора, вправе обратиться к микрофинансовому омбудсману с одновременным уведомлением микрофинансовой организации. В случаях неудовлетворения заемщиком требования микрофинансовой организации о необходимости внесения платежей по Договору, в том числе просроченной задолженности, а также нереализации заемщиком - физическим лицом прав, предусмотренных пунктом 2 статьи 9-2 Закона, либо отсутствия согласия между заемщиком - физическим лицом и микрофинансовой организацией по изменению условий Договора, в соответствии с пунктом 5 статьи 9-2 Закона микрофинансовая организация вправе применить в отношении заемщика меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан и (или) Договором, включая, но не ограничиваясь, передать задолженность на досудебное взыскание и урегулирование коллекторскому агентству (в случае 2 наличия такого права микрофинансовой организации в Договоре), уступить право (требование) по Договору лицу, указанному в статье 9-1 Закона, обратиться с иском в суд о взыскании суммы долга по Договору, а также обратиться с иском о взыскании на заложенное имущество во внесудебном порядке, за исключением случаев, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об ипотеке недвижимого имущества», либо в судебном порядке. Микрофинансовая организация принимает решение о согласии с предложенными изменениями в условия договора о предоставлении микрокредита на срок не менее трех месяцев при подаче заявления о внесении изменений в условия договора о предоставлении микрокредита, предусмотренных подпунктом 1-1) и (или) подпунктом 2) части первой пункта 2 статьи 9-2 Закона, заемщиком – физическим лицом: 1) относящимся к

социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан «О жилищных отношениях»; 2) пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения. Решение о согласии с предложенными изменениями в условия договора о предоставлении микрокредита, заключенного с заемщиком – физическим лицом, указанным в подпункте 1) части второй пункта 3 статьи 9-2 Закона, принимается при условии снижения среднемесячного дохода заемщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения заемщика с заявлением, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом заемщика, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения заемщика с заявлением либо назначения адресной социальной помощи.